

**Астана қаласы әкімдігінің Кәрім Мыңбаев атындағы №59  
мектеп-лицейдің жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің есебі**

13-ақпан, 20205 жыл

Астана қаласы Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі міндеті – барлық қызметкерлердің Қазақстан Республикасының «Құқықбұзушылыққа қарсы күрес туралы» Заңын сақтауды қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыбайлас жемқорлыққа «мұлдем төзбеушілікке» басымдық беріп, сол бағытты ұстану мақсатында аталған мектеп-лицейдің қабырғасында білім алғып жатқан оқушылар бойына сініру көзделіп отыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мектептегі мұдделі топтар, оның ішінде оқушылар, педагогтер, мектеп әкімшілігі, ата-аналар тартылған. Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы бір сарынды іс-қимылдан қоғамдық сананы түбекейлі өзгертуге, халықтың сыбайлас жемқорлық пен непотизмнің кез келген нысандарын қабылдамауына, алдын алу шараларының басымдығына көшуді көздейтінін ескере отырып, оқушылармен де бірқатар шаралар атқарылуда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстардың ішкі талдамасын жасау мақсатында құрылған жұмыс тобы өз тарапынан мектеп-лицейдің басшылыққа алғып отырған Кодекс, Зандар, нормативті құқықтық актілер, локальді актілер басшылыққа алынды.

**Нормативті-құқықтық және құқықтық актілер бойынша  
сыбайлас жемқорлық қатерлері**

Мектеп-лицейдің құрылымы:

- 1) әкімшілік;
- 2) іс қағаздарды жүргізуі;
- 3) қаржылық бөлім (бухгалтери, мемл.сатып алу);
- 4) оқу-тәрбие бөлімі (педагогтер);
- 5) шаруашылық-техникалық бөлім (техикалық қызметкерлер).

Зерделеу барысында білім беру үйімінде нормативті-құқықтық актілерді бұзу деректері анықталған жоқ.

Мектеп сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың орындалуын мониторинг жасап, жемқорлық іс-әрекеттерге қарсы мәдени және құқықтық негіз қалыптастыруда бағытталған іс-шаралар атқарады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес білім беру үйімі ретінде жемқорлықтың

алдын алу және оның белең алына түрткі болатын факторларға тосқауыл болуды көздейді. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015 ж. № 410-В Заңының 16-бабының З-тармағына сәйкес, жаны мен ары таза ұжым қалыптастыру және өскелен ұрпақтың адал болып тәрбиеленуіне жол ашу мақсатында, міндетtelген жауапкершілікті түсіне отырып, білім беру ұйымында комплаенс-қызметі құрылды. Аталған қызметтің функцияларын атқару тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары З.С. Кенжеахметоваға жүктелген (бұйрық №172. 29-тамыз, 2024ж).

Мектепте сенім жәшігі орнатылған, аптасына 1 рет ашылып, өтініш пен Ұсыныстарды талқылау үшін арнайы комиссия құрамы құрылған (бұйрық №240, 20-қыркүйек 2024ж).

Комплаенс-қызметтің атқаратын жұмысы келесі нормативтік құжаттарға негізделген:

ҚР «Құқықбұзушылыққа қарсы қүрес туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған антикоррупциялық саясат концепциясы.

2020 жылғы 30 желтоқсанда ҚР Құқықбұзушылыққа қарсы қүрес агенттігінің төрағасымен бекітілген әдістемелік ұсынымдар. Қабылданған Антикоррупциялық комплаенс-қызметі ережесіне сәйкес, комплаенс-қызмет басшысының лауазымдық міндеттер тізімі әзірленді. Өткен уақыт ішінде қызметтік тексерулер жүргізілген жок, өйткені заңнаманы бұзу туралы хабарламалар түскен жок.

Мектептің комплаенс-қызметінің жетекшісі жұмысқа қабылдау барысында немесе басқа лауазымдық қызметке ауысқанда қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық заңнамасымен таныстыру, ақпараттандыру, оқыту шараларын жүргізеді.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қызметкерлердің коррупция мәселелері бойынша хабардарлығын арттыру мақсатында жұмыс жоспарына сәйкес педагогикалық ұжыммен «Антикоррупциялық тәрбие: антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру жұмыстары» тақырыбында тұрақты түрде жиналыстар ұйымдастырылады. Бұл шаралар ұжымда саналы және жауапты атмосфера қалыптастыруға ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және коррупцияға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жұмыс жоспарына сәйкес педагогикалық ұжыммен «Антикоррупциялық тәрбие: антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру жұмыстары» тақырыбында жиналыстар өткізілді.

## **Мемлекеттік сатып аулар**

Мемлекеттік сатып алу барысында мекеменің қызметі туралы интернет-ресурста арнайы бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі, бақылауға алынады. 2023 жылға мектеп-лицейдің бюджеті - 2 миллиард 69 миллион 217 мың теңге, 2024 жылға - 2 миллиард 239 миллион 358 мың теңге. Бюджет қаражатын жұмсау туралы жыл сайын ұжым мен ата-аналар жиналыстарында, кеңестерде хабардар етіледі, білім ұйымының сайтында жарияланады. Бюджет қаражатын мақсатты пайдалануды тексеру кезінде заң бұзушылықтар анықталған жоқ. Мүлікті есепке алу жүйесі бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар мен нормативтік құжаттарға, қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік сатып аулар саласында барлық келісімшарттар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып аулар туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалды.

2023 жыл бойынша: бір көзден өткізілмеген сатып аулар – 26; бағалық ұсыныстарды сұрату – 135; ашық конкурс – 5; бір көзден тікелей келісімшарт жасау – 29; электрондық дүкен – 23, рамалық келісім – 1; бір көзден тікелей келісімшарт жасау арқылы оқушыларды тамақтандыру – 1.

2024 жыл бойынша: бір көзден өткізілмеген сатып аулар – 13; бағалық ұсыныстарды сұрату – 105; рамалық келісім – 1; ашық конкурс – 5. Бір

көзден тікелей келісімшарт жасау – 15, электрондық дүкен – 20; бір көзден тікелей келісімшарт жасау арқылы оқушыларды тамақтандыру – 1.

Тікелей келісімшарт жасау әдісімен сатып аулар жүргізілген кезде таңдау негізі болып жеткізушілердің бағалық ұсыныстары, баламалы ұсыныстар және мемлекеттік сатып аулар порталында орналастырылған бағалар модулі табылады.

Мемлекеттік сатып ауларды жүргізу кезінде бұзушылықтар болған жоқ.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып аулар туралы» Заңының 5-бабының 4-тармағына сәйкес жылдық мемлекеттік сатып аулар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар айна бір рет енгізіледі.

## **Оқушылар арасында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және болдырмау, құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында жүргізілген жұмыстар есебі**

2024-2025 оку жылындағы оқушылардың арасында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және болдырмау, құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында жоспарға сай төмендегі жұмыстар жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты мен міндетінде парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру: басқалармен қарым-қатынаста адаптация әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұсынуға тәрбиелеу; өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу; біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу;

Осы мақсат-міндеттерді іске асыру барысында оку жылының басында «Адал ұрпақ» клубы құрылып, құрамы тағайындалды. Жоспар құрылып, жоспар бойынша іс-шаралар өткізілуде. Мысалы: Халықаралық сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу күніне орай «Біз бірге сыйбайлас жемқорлыққа қарсымыз! «Мы вместе против коррупции!» видеоролик байқауына 9 «К» және 9 «А» сыныптары қатысты.

[https://www.instagram.com/reel/DAbLyjRM\\_8P/?igsh=bG15c3c5aDJxNXZ0](https://www.instagram.com/reel/DAbLyjRM_8P/?igsh=bG15c3c5aDJxNXZ0)

<https://www.instagram.com/reel/DAbKI4yMG-c/?igsh=MXB1NjR5bzZob3oxZQ==>

2-тоқсанда «Оян ар мен адалдық!» 1-4 сыныптар «Адал азамат – адаптация – еңбек – адаптация табыс» тақырыптарында (5-11 сынып) сынып сағаты өткізілді.

Желтоқсан айында «Сыйбайлас жемқорлықпен құресу әр адамның міндеті» тақырыбында сынып сағаттар өткізілді.

[https://www.instagram.com/p/DB8xtcIzAg/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/DB8xtcIzAg/?img_index=1)

[https://www.instagram.com/p/DB9LigXiKY6/?img\\_index=1](https://www.instagram.com/p/DB9LigXiKY6/?img_index=1)

Желтоқсан айында «Адал ұрпақ» клубының жоспарына сай «Адал және мінсіз еңбек бейнесі» тақырыбында бастауыш сыныптарда сурет байқауы үйымдастырылды. Үздік туынды салған оқушылар дипломдармен марапатталды.

[https://www.instagram.com/p/DDyW6OYo\\_Lr/?igsh=ejF5ZTVwaDVnZX\\_E1](https://www.instagram.com/p/DDyW6OYo_Lr/?igsh=ejF5ZTVwaDVnZX_E1)

Қаңтар айында «Адал мен арам, обал мен сауап – ұлттымыздың ұстанымы» тақырыбында сынып сағаты үйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DFU9Pawoxcx/?igsh=MTRIODBIZ21kaHpzNg==>

«Адал ұрпақ» клубы мүшелерінен құралған команда аудандық «Жемқорлықсыз өмір – адаптация – өмір» атты шараға қатысатып қайтты. Бұл

«Адалдық алаңы» жобасының ауқымының кеңейгенін аңғартады. Өз кезегінде сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде білім беру мекемесінің ата-аналармен, оқушылармен, мұғалімдермен өзара таза қарым-қатынас орнатуына жол ашады.

Жемқорлық пен сыйбайластықтың алдын алуға бағытталған оқушыларға арналған жұмыстар жыл соңына дейін жалғасын табады.

### **Ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметтің коррупциялық тәуекелдерін анықтау**

Персоналды басқару. Мониторинг кезеңінде жалпы тізімдік құрам 294 адамды құрайды, оның ішінде 220 педагог, 74 техникалық және қызмет көрсету персоналы. 12 адам бала күтімі бойынша демалыста.

2023 жылдың қыркүйегінен бастап 6 тәртіптік жаза қолданылған.

1. Психолог Г.А.Батталоваға қызметтік міндеттерін жеткіліксіз орындағаны үшін сөгіс жарияланды.

2. Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары К.К.Абеуоваға функционалдық міндеттерін жеткіліксіз орындағаны үшін қатаң сөгіс жарияланды.

3. Сынып жетекшісі З.Е.Сагимбаеваға функционалдық міндеттерін дұрыс атқармағаны үшін сөгіс жарияланды.

4. Оқу ісі жөніндегі директор орынбасары Ж.А.Бодаеваға функционалдық міндеттерін дұрыс атқармағаны үшін қатаң сөгіс жарияланды.

5. Мұғалім А.А.Советхановаға функционалдық міндеттерін дұрыс атқармағаны үшін ескерту жасалды.

6. Мұғалім Н.А.Егембердиеваға функционалдық міндеттерін дұрыс атқармағаны үшін ескерту жасалды.

Есеп беру аралығында өз еркімен қызметінен босатылған 27 қызметкер. Қызметкерлердің оқыту, біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібі аттестаттау мен курстық қайта даярлау перспективалық жоспарларымен реттелген, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заннамасына сәйкес жүзеге асырылады. 2023 жылдың 1 тамызынан 2024 жылдың 1 тамызына дейін біліктілікті арттыру курстарынан 45 адам өткен.

Ұжымда туысқандық қатынастағы келесі қызметкерлер бар: Ж.Бодаева – Н.Мырамытова (апалы-сіңлілер), С.Жакенова – А.Жакенова (ана мен қызы), З.Алиева – А.Амантай (әже мен немере), Ж.Алиева – Ф.Туимебаева (анасы жағынан туыстар), Н.Салматай – З.Бодыкова (ана мен қызы), Т.Аманов – С.Аманов (ағайындылар), С.Аманов – Ш.Аманова (жұбайлар), Р.Оразбаева – Р.Ақылбаева (апалы-сіңлілер), З.Атембекова – Ж.Баймұрат

(апалы-сіңлілер), М.Қабден – М.Мырзанова (жұбайлар). Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтің коррупциялық тәуекелдерін анықтау бағытын зерделей келе, қызметкерлердің жетекшісімен немесе оның орынбасарларымен мүдделер қақтығысы, афилиация фактілері анықталмады. Ұжым тұрақты, қалыпты жағдайда жұмыс атқаруда. Мектеп бойынша қабылданған сыйайлар жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдар бұзылмаған.

### **Білім беру ұйымына азаматтардан және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдар**

Азаматтардың арыз-шағымдарын қарастыру, оларға жауап беру КР 2020 ж. 29 маусындағы №350-VI Әкімшілік процессуалды Кодексіне сәйкес атқарылады.

Аталған бағыт бойынша арыз-шағымдарға уақытында жауап беру, сапасы бойынша талдама жасалды.

Есеп беру кезеңінде азаматтардан 7 жазбаша арыз түскен. Мектеп тарапынан жауаптары уақытында берілген. Арыз-шағымдар негізінен ауызша түрде Telegram каналында өлеуметтік желілерге түскен. Жауаптары уақытында берілген.

Аталған уақыт аралығында мектеп әкімшілігне, мұғалімдерге қатысты азаматтардан Сыйайлар жемқорлыққа байланысты КР «Сыйайлар жемқорлыққа қарсы тұру туралы» Заңына қайшы әрекеттер туралы арыз-шағымдар тіркелмеген.

### **Қорытынды**

Есеп беру кезеңінде лауазымдық, сыйайлар жемқорлық бойынша тәртіптік немесе басқа да заң бұзушылық, прокурорлық бақылау болған жоқ.


Қазақстан Республикасының Қаулысын жүзеге асыру мақсатында Астан қаласы Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейінің 2024-2025 оку жылына арналған сыйайлар жемқорлыққа қарсы атқарылатын жұмысының жоспары жасалды. Жоспардың негізгі мақсаты - мектепте ұйымдастыру-құқықтық механизмдерін енгізу арқылы адамгершілік, ароздан, психологиялық ахуалды, таным-түсінікті сыйайлар жемқорлықпен құресуге, оған қарсы тұруға бағыттау.

Зерделеу барысында сыйайлар жемқорлыққа себеп болатын дескрикциондық – әкімшілік өкілеттік және өзге де нормаларды бұзушылық байқалған жоқ.


Ішкі талдама жасау нәтижесінде жұмыс тобы Астана қаласы әкімдігінің «Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейі» ШЖҚ КММ сыйбайлар жемқорлық қауіп-қатері анықталмады деген қорытынды жасады.

**Жұмыс тобы:**


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  
**Сулейменова К.М.**




Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары  
**Асипова Ж.В.**




Комплаенс қызмет бойынша:  
**Кенжеахметова З.С.**




**Жаналиева А.Н.**



**Сейдалиева Г.**



**Кадирбекова Ж.**



Кадр бойынша инспектор  
**Сагимбаева А.Б.**